

2026 ЖЫЛ



№47 (9414)
23 МАУСЫМ
СЕЙСЕНБІ

Маржаны Сырдың — Шиелі



«osken-onir.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1939 жылдың 19 наурызынан бастап шығады

ПЛАТФОРМАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МӘРТЕБЕСІ МЕН МӘСЕЛЕСІ

Гүлнәр ДҮЙСЕБАЙ



Қазіргі қоғамның тынысы цифрлық технологиялармен бірге өзгеріп келеді. Кеше ғана қосымша табыс көзі саналатын жеткізу қызметі мен такси тасымалы бүгінгі таңда миллиондаған азаматтың негізгі күнкөріс арнасына айналды. Қолындағы смартфон табыс табудың құралы, ал онлайн платформа еңбек нарығының жаңа кеңістігіне айналды.

НӘЗІК БОЛМЫС ПЕН БЕРІК МІНЕЗ

Иығына погон таққан әрбір жанның артында үлкен жауапкершілік пен халық алдындағы аманат жатады. Ал сол жауапты міндетті нәзік болмысымен қатар алып жүрген әйел азаматтардың еңбегі қашанда ерекше құрметке лайық. Өйткені әйел затына төн мейірім мен полиция қызметіне төн талапшылықты бір бойына тоғыстыру – кез келген адамның қолынан келе бермейтін қасиет.

(Жалғасы 4-бетте)

Алайда бұл саланың қарқынды дамуы бірқатар әлеуметтік және құқықтық түйткілдерді де қатар ала келді. Курьерлер мен такси жүргізушілерінің құқықтық мәртебесі, еңбек кепілдіктері және әлеуметтік қорғалуы әлі күнге дейін толық айқындалмаған күйінде қалып отыр. Осы мәселе соңғы уақытта Парламент мінберінде көтеріліп, Үкімет деңгейінде талқылауға түсті.

ЦИФРЛЫҚ ЕҢБЕКТІҢ КӨЛЕМІ

Бүгінде Қазақстанда шамамен 400 мың азамат Яндекс, InDrive, Wolt, Glovo сияқты онлайн платформалар арқылы табыс табады. Олардың басым бөлігі – жолаушы тасымалы мен жеткізу қызметімен айналысатын азаматтар.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, елімізде 9 миллион 320 мың адам жұмыспен қамтылған. Соның ішінде

шамамен 2,2 миллионға жуық адам өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен бейресми еңбек нарығында еңбек етеді. Бұл жалпы жұмыспен қамтылғандардың 24 пайызына жуығын құрайды. Соңғы жылдары платформалық еңбекке байланысты әлеуметтік төлемдер көлемі де артып отыр. 2024–2025 жылдар аралығында бұл санаттағы азаматтар бойынша 2,77 миллиард міндетті әлеуметтік төлем аударылып, жалпы көлемі 10,6 миллиард теңгеден асқан. Бұл цифрлар платформалық жұмыстың тек қосымша табыс емес, экономиканың елеулі бөлігіне айналғанын көрсетеді.

ЖАҢА ФОРМАТ, БІРАҚ ЕСКІ МӘСЕЛЕЛЕР

Платформалық жұмыспен қамту – еркіндік пен икемділікке негізделген жаңа еңбек моделі. Курьер мен жүргізуші өз жұмыс уақытын өзі белгілейді, тапсырысты

таңдайды, геолокация арқылы қолайлы аумақта еңбек етеді. Бұл – дәстүрлі жұмыс кестесінен өзгеше, бір қарағанда еркін жүйе. Алайда осы еркіндіктің тасасында күрделі әлеуметтік мәселе жатыр. Сенатор Бекболат Жексенбайдың айтуынша, платформалық орындаушылар «тәуелсіз серіктес» ретінде тіркелгенімен, іс жүзінде алгоритмдік бақылауға тәуелді. Тариф, рейтинг, тапсырыс көлемі мен жұмыс белсенділігі платформаның ішкі жүйесі арқылы реттеледі. Соған қарамастан, олар еңбек демалысынан, уақытша еңбекке жарамсыздық төлемінен, еңбек қауіпсіздігі кепілдіктерінен тыс қалып отыр.

Сенат деректеріне сәйкес, кейбір техникалық ақаулар салдарынан 20 мыңнан астам жүргізуші мен курьер салық және әлеуметтік төлемдер бойынша қиындықтарға тап болған.

(Жалғасы 3-бетте)



ТАТУЛЫҚ ТҰҒЫРЫНДАҒЫ ТАҒЫЛЫМ

Қазақ халқы үшін отбасы – ұлттың ұясы, тәрбиенің бастауы, рухани құндылықтардың алтын қазығы. Адам бойындағы ізгі қасиеттердің қалыптасуы, ұлттық салт-дәстүр мен мәдени мұраның ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы ең алдымен отбасынан бастау алады. Сондықтан отбасы институтын нығайту, ұлттық құндылықтарды дәрiптeу және өнегелi отбасыларды қоғамға үлгі ету – уақыт талабынан туындаған маңызды міндеттердің бірі.

Осы мақсатта 23 маусым – мемлекеттік қызметшілер күніне орай аудандық «Руханият» орталығында «Отбасы – ұлттық құндылық ұясы» атты мемлекеттік қызметшілер отбасылары арасында аудандық байқау ұйымдастырылды.

Тағылымды шараның ашылу салтанатында Шиелі ауданы әкімінің аппарат басшысы Ғалымжан Каримов сөз сөйлеп, мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекесімен құттықтады. Ол өз сөзінде мемлекеттік қызметшілердің қоғам алдындағы жауапкершілігімен қатар, отбасындағы тәрбиелік рөлі де ерекше екенін атап өтіп, ұлттық құндылықтарды дәрiптeуге бағытталған мұндай шаралардың маңыздылығына тоқталды.

Байқауға Мырзахановтар, Қаппаровтар, Мұханбетқалиевтар, Тұрмановтар және Қасымовтар отбасы қатысып, өзара бақ сынады. Қатысушылар төрт кезең бойынша өнер көрсетіп, шығармашылық қабілеттерін, ұлттық дәстүрге деген құрметін және отбасы мүшелері арасындағы сыйластық пен татулықты көпшілік назарына ұсынды.

Байқаудың алғашқы «Отбасым – бақыт мекенім, өзінді мақтан етемін» атты таныстыру кезеңінде әр отбасы өз шаңырағының ерекшелігін шығармашылық тұрғыда таныстырды. Ән айтып, көркемсөз оқып, түрлі сахналық қойылымдар көрсеткен қатысушылар отбасының қоғамдағы орны мен маңызын әсерлі жеткізе білді.

«Қазақтың салт-дәстүрі – ұлттық құндылық» атты екінші кезеңде халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлері сахналып, ұлттық мұрамыздың терең мазмұнын көрермен қауымға кеңінен насихаттады. Қатысушылар ұмыт бастаған дәстүрлерді жаңғыртып, қазақы тәрбиенің мәнін айшықтай түсті.

Үшінші кезең – «Ұлттық тағам – ұлт бренді, қолөнер – өнер үйлесімі» бөлімінде отбасылар ұлттық тағамдар мен қолөнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырды. Қазақы дастарқаннан ерекшеліктері таныстырылып, ұлттық тағамдардың жасалу жолдары мен қолөнердің қыр-сыры көпшілікке түсіндірілді.

Ал соңғы «Ұшқыр ой – ұтымды жауап» кезеңінде қатысушылар отбасы тәрбиесі, ұлттық құндылықтар және бала тәрбиесіне қатысты сұрақтарға жауап беріп, өз ойларымен бөлісті. Сонымен қатар жас өнерпаздар өнерлерін көрсетіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасының шешімімен Мұханбетқалиевтар отбасы жүлделі ІІІ орынға, Тұрмановтар отбасы ІІ орынға, ал Қасымовтар отбасы І орынға ие болды. Ал Мырзахановтар мен Қаппаровтар отбасы байқауға белсене қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.

Шара барысында отбасылық татулықтың, бірліктің және ұлттық құндылықтардың жарқын үлгісін көрініс тапты. Қатысушылардың өнері мен ұйымшылдығы, ұлттық мұраға деген құрметі көпшілік көңілінен шығып, көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

«Отбасы – ұлттық құндылық ұясы» атты байқау ұлттық тәрбиені дәріптеп қана қоймай, мемлекеттік қызметшілердің қоғамдағы және отбасындағы өнегелі орнын айқындаған маңызды шараға айналды. Мұндай тағылымды іс-шаралар ұлттық құндылықтарды ұлықтап, отбасы институтын нығайтуға өз үлесін қоса беретіні сөзсіз.

Айнұр ИБРАШЕВА

Ақпарат

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ӘДІЛ ҚОҒАМ ҚҰРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Кеше аудан әкімдігіне қарасты мекемелерге аудан әкімінің орынбасары Б.Ысмағұлов пен аудандық Қоғамдық даму бөлімінің басшысы К.Есенбаев Қазақстан Республикасының жаңа Конституция кітаптабын таратты.

Ата Заң – мемлекеттің құқықтық іргетасын айқындайтын, ел тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын нығайтатын ең басты құжат. Уақыт талабына сай жаңартылған Конституция мемлекет пен қоғамның одан әрі дамуына серпін беретін маңызды құқықтық құжат ретінде қабылданды.

Жаңа Конституция 2026 жылғы 15 наурызда өткен жалпыхалықтық референдум нәтижесінде қабылданып, 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізіледі. Құжатты әзірлеу барысында азаматтардан, қоғамдық ұйымдардан, саяси партиялар мен сарапшылар қауымынан түскен ұсыныстар жан-жақты зерделеніп, халықтың пікірі ескерілді.

11 бөлім мен 96 баптан тұратын жаңа редакциядағы Конституцияда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау

тетіктерін жетілдіруге, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға және қоғамдық-саяси институттардың рөлін күшейтуге бағытталған маңызды өзгерістер қамтылған. Сонымен қатар заң үстемдігін қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыру және қоғам мен билік арасындағы байланысты нығайту мәселелеріне басымдық берілген.

Жаңа Конституция – елдің құқықтық жүйесін жаңғыртып қана қоймай, әділетті, ашық әрі жауапты қоғам қалыптастыруға негіз болатын маңызды құжат. Сондықтан оның мазмұны мен негізгі қағидаттарын халық арасында кеңінен түсіндіру, құқықтық мәдениетті арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасатын болады.



Ата Заңды құрметтеу – мемлекеттілікті құрметтеу. Ал Конституция қағидаттарына бадалдық – елдің тұрақты дамуы мен жарқын болашағының кепілі.

«Өскен өңір» ақпарат

oskenonir_news

osken_onirgazet

oskenonir

t.me/osken_oniir

osken_onir@mail.ru

https://osken-onir.kz/



Кәсіби келбет



ЕЛ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Мемлекеттік қызмет – қоғам мен мемлекет арасындағы байланысты нығайтып, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қызмет ететін маңызды сала. Бұл бағытта ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан азаматтардың бірі – Ғабит Аманжолов.

Ол – 1967 жылы Ииркөл ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1986-1988 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтеді. Еңбек жолын құрылыс саласында бастаған жас маман 1993 жылы аудандағы «Межколхозстрой» және РУ-6 кен басқармасына қарасты ХРСУ мекемесінде тас қалаушы болып жұмыс істеді. Сол жылдың соңында ПМК-45 мекемесіне ауысып, 1996 жылға дейін аға шебер қызметін атқарды.

1999 жылы Қызылорда облысы бойынша кеден басқармасында кеден қызметкері болып еңбек етті. Ал 2000 жылдан бастап облыстық статистикалық есептеу орталығында қойма меңгерушісі, маман-экспедитор, кейін мекеме директоры қызметтерін атқарды. 2000 жылдардың басында мемлекеттік қызмет саласына келіп, кент әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

2003-2008 жылдар аралығында Шиелі ауданы әкімінің орынбасары болып жұмыс істеп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты мәселелермен айналысты. Осы кезеңде жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру бағытындағы жұмыстарға қатысты.

Одан соң сегіз жылға жуық аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы қызметін атқарды. Бұл жылдары аудан аумағындағы құрылыс, сәулет және қала құрылысы салаларындағы жұмыстарды ұйымдастыруға және үйлестіруге жауапты болды.

Ғабит Сейілбекұлының еңбек жолындағы ерекше кезеңдердің бірі – Шиелі кентінің әкімі болған жылдары. Бұл уақытта кенттің көркеюі мен тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған көптеген жұмыстар жүзеге асырылды. Бүгінде ол аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы ретінде ауданның инфрақұрылымын дамыту жолында еңбек етіп келеді. Ел игілігі үшін атқарылып жатқан жұмыстардың сапалы орындалуын қадағалап, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне жағдай жасау бағытында қызмет атқаруда.

Ғ.Аманжоловтың еңбек жолы құрылыс саласынан басталып, жергілікті мемлекеттік басқару жүйесіндегі түрлі жауапты қызметтермен жалғасты. Оның кәсіби қызметі ауданның әлеуметтік және инфрақұрылымдық дамуына бағытталған жұмыстармен сабақтасқан.

Мемлекеттік қызметшілер күні қарсаңында көп жылдық еңбек етілі бар азаматтардың тәжірибесі мен еңбегі кейінгі буын үшін маңызды. Ғабит Аманжоловтың еңбек жолы да мемлекеттік қызметтің жауапкершілігі мен сабақтастығын көрсететін өмірбаяндардың бірі.

№47 (9414)
23 маусым
сейсенбі,
2026 жыл

23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІ

«Шиелі ауданы әкімінің аппараты» КММ Ұйымдастыру және инспекторлық жұмыс бөлімінің басшысы Балдәурен ШӘКІРТАЕВ:

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Ел дамуы мен қоғамның әл-ауқатын арттыру жолында еңбек ету – үлкен жауапкершілік пен кәсібилікті талап етеді. Бүгінде мемлекеттік басқару жүйесінде жүзеге асырылып жатқан реформалар, цифрландыру үдерістері мен халыққа көрсетілетін қызмет сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жаңа міндеттер жүктеуде. Осы орайда Мемлекеттік қызметшілер күні қарсаңында Шиелі ауданы әкімі аппаратының Ұйымдастыру және инспекторлық жұмыс бөлімінің басшысы Балдәурен Шәкіртаевпен сұхбаттасып, оның қызмет жолы, саладағы өзгерістер мен болашаққа көзқарасы туралы әңгімелескен едік.

– Әңгімеміздің басын мемлекеттік қызмет саласына келуіңізге не себеп болғанынан бастасақ...

– Менің мемлекеттік қызметке келуімнің басты себебі – елге және қоғамға қызмет ету болып табылады. Мемлекеттік қызмет арқылы азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға, мемлекетіміздің дамуына өз үлесімді қосқым келді. Бұл сала маған халықпен тікелей жұмыс істеп, олардың мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, өз білімім мен тәжірибемді тиімді пайдаланып, жауапкершілік пен адалдық қағидаттарын ұстана отырып, мемлекет мүддесі үшін еңбек етуді мақсат етемін. Мемлекеттік қызметті тек жұмыс орны емес, қоғам алдындағы маңызды міндет пен үлкен сенім деп қабылдаймын.

– Қазіргі таңда жауапты қызмет атқарып жүрсіз. Негізгі міндеттеріңізге тоқталып өтсеңіз...

– Қазіргі таңда Шиелі ауданы әкімі аппаратының Ұйымдастыру және инспекторлық жұмыс бөлімінің басшысы қызметін атқарамын. Менің негізгі міндеттерім – аудан әкімі мен аппарат басшылығының тапсырмаларының орындалуын бақылау, ұйымдастырушылық



іс-шараларды үйлестіру, мәжілістер мен кеңестердің өткізілуін ұйымдастыру, хаттамалық тапсырмалардың орындалуына мониторинг жүргізу, сондай-ақ бөлім құзыретіне кіретін құжаттарды әзірлеу және олардың уақытылы орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Сонымен қатар, мемлекеттік органдармен және басқа да мекемелермен өзара іс-қимылды ұйымдастырып, аудан әкімдігі қызметінің тиімді жүзеге асырылуына өз үлесімді қосып келемін.

– Мұндай жауапты қызметте түрлі қиындықтардың кездесетіні заңдылық. Қызмет барысында қандай кедергілер жиі ұшырасады?

– Қызмет барысында уақыттың тығыздығы, шұғыл тапсырмалардың көп болуы, түрлі мәселелер бойынша жедел шешім қабылдау қажеттілігі сияқты қиындықтар жиі кездеседі. Сонымен қатар, әрбір тапсырманы сапалы әрі уақытылы орындау үлкен жауапкершілікті талап етеді. Алайда мұндай қиындықтар кез келген мемлекеттік қызметтің ажырамас бөлігі деп санаймын. Қанша жерден қиыншылықтар кездессе де, оларды тәжірибе мен кәсібилік арқылы еңсеруге болады. Себебі елге қызмет ету – үлкен жауапкершілікпен қатар, айырылыс міндет. Сондықтан өзіме жүктелген міндеттерді адал әрі сапалы орындауға әрдайым күш-жігерімді саламын.

– Соңғы жылдары мемлекеттік қызмет жүйесінде көптеген реформа жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы оң өзгерістерге тоқталсаңыз...

– Қазіргі мемлекеттік қызмет жүйесінде бірқатар оң өзгерістер жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, мемлекеттік қызмет көрсету үдерістері цифрландырылып, көптеген қызметтер электрондық форматқа көшірілді. Бұл азаматтардың уақытын үнемдеуге, қызметтердің қолжетімділігі мен ашықтығын арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру, меритократия қағидатын нығайту, мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі мен жауапкершілігін күшейту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Халықтың өтініштері мен ұсыныстарына жедел ден қоюға, азаматтардың пікірін ескеруге басымдық беріліп келеді. Мұның барлығы мемлекеттік қызмет сапасын жақсартып, халық пен мемлекет арасындағы сенімді нығайтуға ықпал етуде.

– Бүгінде халықтың мемлекеттік қызметшілерге қоятын талабы жоғары. Сіздің ойыңызша, мемлекеттік қызметші қандай қасиеттерге ие болуы керек?

– Менің ойымша, мемлекеттік қызметші ең алдымен адал, жауапты және кәсіби білікті болуы керек. Ол өз міндеттерін жоғары жауапкершілікпен атқарып, мемлекет пен қоғам мүддесін жеке мүддеден жоғары қоя білуі қажет. Сонымен қатар, әділдік, ашықтық, сыпайылық және халыққа қызмет ету қағидаттарын берік ұстануы маңызды. Мемлекеттік қызметші азаматтардың өтініштері мен мәселелеріне бейжай қарамай, олармен тиімді қарым-қатынас орната білуі тиіс. Сондай-ақ, үнемі өзін дамытып, жаңа білім мен дағдыларды меңгеруге ұмтылатын, өзгерістерге бейім тұлға болғаны жөн. Осындай қасиеттер мемлекеттік қызметшінің халық сеніміне ие болып, өз қызметін тиімді атқаруына негіз болады.

– Өз тәжірибеңізге сүйене отырып, мемлекеттік қызметке жаңадан келген жас мамандарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Жас мамандарға ең алдымен өз ісіне жауапкершілікпен қарап, білім мен тәжірибені үздіксіз жетілдіріп отыруға кеңес берер едім. Қай салада болмасын кәсібилікке ұмтылып, еңбекқорлық пен адалдықты басты қағидат ретінде ұстану маңызды. Сонымен қатар, жаңа бастамаларға ашық болып, өзгерістерге тез бейімделе білу қажет. Мемлекеттік қызметті

мансап құрудың ғана емес, елге және қоғамға қызмет етудің маңызды алаңы ретінде қабылдаған жөн.

– Цифрландыру мен жаңашылдық туралы айттық. Жалпы болашақтағы мемлекеттік қызмет жүйесін қалай елестетесіз?

– Болашақта мемлекеттік қызмет саласын тиімділігі жоғары, толық цифрландырылған және ашық жүйе ретінде елестетемін. Барлық қызмет түрлері электронды форматта көрсетіліп, азаматтардың уақытын үнемдеуге және әкімшілік кедергілерді азайтуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік басқару процесі барынша ашық болып, шешім қабылдау тетіктері әділдік пен меритократия қағидаттарына негізделеді. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметші кәсіби біліктілігі жоғары, цифрлық дағдыларды меңгерген, халықпен тиімді кері байланыс орната алатын маман ретінде қалыптасады деп ойлаймын. Жалпы алғанда, мемлекеттік қызмет жүйесі халыққа сапалы, жедел және қолжетімді қызмет көрсететін заманауи сервиске айналады деп сенемін.

– Өз жұмысыңызды жақсы көруіңізге не себеп?

– Өз жұмысымды жақсы көруіме бірнеше себеп бар. Ең алдымен, мемлекеттік қызмет – елге және қоғамға тікелей пайда әкелетін маңызды сала. Атқарған әрбір жұмысымның нәтижесі халықтың өмір сапасын жақсартуға ықпал ететінін білу маған үлкен жауапкершілік пен мотивация береді. Сонымен қатар, бұл салада кәсіби дамуға, тәжірибе жинақтауға және өзімді жан-жақты жетілдіруге мүмкіндік бар. Сондықтан өз жұмысымды тек міндет емес, қоғамға қызмет етудің маңызды жолы деп қабылдаймын.

– Сұхбатыңызға рақмет! Әріптестеріңізді мерекемен құттықтап қойсаңыз болады.

– Рақмет! Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, барлық мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Еліміздің дамуы мен халықтың әл-ауқатын арттыру жолында аянбай еңбек етіп жүрген барша әріптестеріме зор денсаулық, отбасыларына амандық, жұмыстарына табыс пен толағай жетістіктер тілеймін. Әрқашан халық сенімін ақтап, мемлекетіміздің өркендеуі жолында нәтижелі еңбек ете берейік. Ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге сәттілік, қажымас қайрат және мол шабыт тілеймін. Мереке құтты болсын!

Сұхбаттасқан Гүлхан ЯХИЯ

Кейбір адамдардың өмір жолына зер салғанда, олардың тағдыры өзі туған өлкемен тығыз байланысып жататынын аңғарарсың. Туған жердің тыныс-тіршілігімен бірге өсіп, сол елдің дамуына қызмет етуді өмірлік мұрат еткен жандардың бірі – Әлібек Сәрсенбаев.

Балалық шағы мен жастық кезеңі ауданның өсіп-өркендеу жылдарымен тұспа-тұс келген ол мектеп бітіргеннен кейін еңбекке ерте араласты. Алғашқы қызметін 1988 жылы Шиелі локомотив депосында токарь оқушысы болып бастады. Алайда көп ұзамай Отан алдындағы борышын өтеуге шақырылып, 1988-1990 жылдары Чехословакияда Кеңес Армиясы қатарында әскери қызмет атқарды.

Әскерден оралған соң еңбек жолын қайта жалғастырды. 1991-1998 жылдар аралығында локомотив депосында токарь, мұнай өнімдерін құюшы болып жұмыс істеді. Бұл жылдар елдегі экономикалық өзгерістермен тұспа-тұс келген күрделі кезең болатын. Соған қарамастан Әлібек Айдарбекұлы түрлі салада

ТУҒАН ӨЛКЕНІҢ ТҮЛЕГІ

еңбек етіп, тәжірибе жинақтады. Бір кезеңде «Қызылдиҳан» шаруашылық серіктестігінде есепші қызметін де атқарды.

Оның мемлекеттік қызметтегі жолы 1999 жылы Қызылорда облысы бойынша кеден басқармасынан басталды. Алдымен маман ретінде еңбек етіп, кейін «Шиелі» және «Қондоз» кеден бекеттерінде түрлі лауазымдарда қызмет атқарды. Бұл кезеңде шекаралық бақылау, кедендік рәсімдер мен мемлекеттік тәртіпті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарға қатысты.

2001 жылы жергілікті атқарушы органдар жүйесіне ауысып, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінде бас маман қызметіне кірісті. Он бір жылдан астам уақыт осы салада еңбек етіп, ауданның коммуналдық инфрақұрылымы мен тұрғындарға көрсетілетін қызметтердің ұйымдастырылуына үлес қосты. Одан соң кент әкімінің орынбасары болып тағайындалды. Бұл қызметте төрт жылдан астам уақыт жұмыс істеп, кенттің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге бағытталған жұмыстарға қатысты. Халықпен тікелей байланыста болу, күнделікті тұрмысқа

қатысты түйткілдерді шешу, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ету – оның қызметінің негізгі бағыттарының бірі болды.

Бүгінде Әлібек Сәрсенбаев он жылға жуық уақыттан бері Телікөл ауылдық округінің әкімі қызметін атқаруда. Ауыл әкімінің жұмысы – тұрғындардың мұң-мұқтажына құлақ асып, елді мекеннің дамуына қажетті мәселелерді құн сайын назарда ұстауды талап ететін жауапты міндет. Осы жылдар ішінде ауылдың әлеуметтік жағдайын жақсарту, инфрақұрылымды дамыту, тұрғындармен тұрақты байланыс орнату бағытындағы жұмыстарға белсенді араласып келеді.

Әлібек Айдарбекұлының еңбек жолына көз жүгірткенде, оның қызмет баспалдақтарын біртіндеп жүріп өткенін көруге болады. Өндіріс саласындағы қарапайым жұмысшыдан бастап, мемлекеттік қызметтің түрлі деңгейлерінде еңбек етіп, бүгінде ауылдық округті басқарып отырған азаматтың өмір жолы – табандылық пен жауапкершіліктің көрінісі.

Мемлекеттік қызметшілер күні қарсаңында халыққа қызмет етуді басты міндет санап келе жатқан осындай азаматтардың еңбегі



құрметке лайық. Өйткені мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты нығайтатын, елдің дамуына күнделікті үлес қосатын жандардың жұмысы көбіне көзге көріне бермегенімен, оның нәтижесі тұрғындардың тұрмысынан байқалады.

Отбасы – қоғамның берік тірегі, ал еңбегімен елге үлгі болып жүрген жандардың өнегелі өмірі қашанда көпшілік назарын аударады. Сондай жарасымды ерлі-зайыптылар – Омархан Файзуллаев мен Тоғжан Тілеубай. Омархан Файзуллаев бүгінде Көрделі ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы қызметін атқарса, жұбайы Тоғжан Тілеубай Майлытоғай ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы болып еңбек етеді. Екеуінің де басты мақсаты – халыққа сапалы қызмет көрсету, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлестерін қосу.



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ

Жас мамандар мемлекеттік қызмет саласында жүріп танысып, бір-бірінің іскерлігіне, жауапкершілігіне және адамгершілік қасиеттеріне деген құрмет арқылы жақындай түседі. Қызмет барысында қалыптасқан сыйластық уақыт өте келе шынайы сезімге ұласып, шаңырақ көтеруге себеп болды. Бүгінде олар тату-тәтті өмір сүріп, көпке үлгі болатын берекелі отбасыға айналған.

Бүгінде Файзуллаевтар әулетінің шаттығы төрт ұлмен толығып отыр. Балаларының амандығы мен тәрбиесін басты орынға қойған ерлі-зайыптылар отбасы мен қызметті қатар алып жүруде үлкен жауапкершілік танытып келеді.

Мемлекеттік қызметтің жүктемесі мен күнделікті қарбаласына қарамастан, Омархан мен Тоғжан бір-біріне әрдайым демеу болып, түсіністік пен сыйластықты жоғары қояды. Олар үшін ең басты құндылық – отбасындағы береке мен бірлік, сондай-ақ ел алдындағы адал қызмет.

Ерлі-зайыптылардың айтуынша, бір салада еңбек ету олардың бір-бірін жақсы түсінуіне, жұмысқа деген жауапкершілікті бірге сезінуіне мүмкіндік берген. Осылайша, қызметтегі тәжірибе отбасылық татулықты да нығайта түскен.

Бүгінде Файзуллаевтар отбасы – адал еңбек пен отбасылық құндылықты қатар ұстанған өнегелі жаня. Олар өз өмір жолымен жастарға үлгі көрсетіп, еңбек пен татулықтың, сыйластық пен сүйіспеншіліктің шынайы көрінісін танытып келеді.

Қоғамның негізі – берік отбасы десек, Омархан мен Тоғжанның шаңырағы сол берекенің жарқын үлгісі. Төрт ұл тәрбиелеп, елге адал қызмет етіп жүрген бұл әулет – ауыл өміріндегі үлгілі отбасының бірі.

23 маусым – мемлекеттік қызметшілер күніне орай өткізілген аудандық байқауда Омархан мен Тоғжан топ жарып, алдыңғы қатардан көрінді. Үнемі кез келген жарыста қатарластарынан оқ бойы оза шапатын жарасымды жанұя қызмет пен отбасылық өмірді үйлестіре білген өнегелі шаңырақ иесі.

Осылайша, қызметте табысып, өмірде бір-біріне серік болған Омархан мен Тоғжанның шаңырағы – береке мен бірліктің айқын көрінісі. Мұндай отбасылар – ауылдың ғана емес, тұтас қоғамның рухани тірегі.

Айнұр НАЗАРОВА



**2026 ЖЫЛҒЫ 12 ШІЛДЕГЕ
ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ШИЕЛІ
АУДАНЫНЫҢ СҰЛҮТӨБЕ ЖӘНЕ
ТАРТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІ
ӘКІМДЕРІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ
ТІРКЕУ ТУРАЛЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ
КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-5-бабының 9 тармағына сәйкес, Шиелі ауданының аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 21 маусымдағы №94 және №95 шешімдерімен 2026 жылғы 12 шілдеге тағайындалған Шиелі ауданының Сұлутөбе және Тартоғай ауылдық округтері әкімдерінің сайлауына кандидаттар болып тіркелді:

Сұлутөбе ауылдық округіне

- Оспанов Нұрланбек Төлешұлы – 1967 жылы туған, қазақ, «Талаптан ауылдық округі әкімі аппараты» КММ, бас маман, Шиелі ауданы, Балаби ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.
- Әлиев Олжас Мәделханұлы – 1981 жылы туған, қазақ, «Шиелі ауданы әкімінің аппараты» КММ, бас инспектор, Шиелі кентінде тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.
- Оразбеков Үсен Нұрғазыұлы – 1980 жылы туған, қазақ, «Сұлутөбе ауылдық округі әкімі аппараты» КММ, бас маман, Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

Тартоғай ауылдық округіне

- Ахметов Ақылбек Жүрсінұлы – 1974 жылы туған, қазақ, «Тартоғай ауылдық округі әкімі аппараты» КММ, әкім, Шиелі ауданы, Тартоғай ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.
- Сейтов Газиз Мухамедиярович – 1965 жылы туған, қазақ, уақытша жұмыссыз, Шиелі ауданы, Тұрсынбай датқа ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.
- Ерназаров Азамат Рахатович – 1990 жылы туған, қазақ, «Шиелі ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» КММ, сектор меңгерушісі, Шиелі кентінде тұрады, өзін-өзі ұсынған.
- Умирбаев Бейбит Кабиденович – 1991 жылы туған, қазақ, «Тартоғай ауылдық округі әкімі аппараты» КММ, бас маман, Шиелі ауданы, Бидәйкөл ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

**Шиелі ауданының аумақтық
сайлау комиссиясы**



ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Қалекешов Жандостың атына берілген AUDI 100 жеңіл көлігінің 368 AGJ 11 санды мемлекеттік белгісі және тех.паспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.



ШАРТАРАП

ПЛАТФОРМАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МӘРТЕБЕСІ МЕН МӘСЕЛЕСІ

(Басы 1-бетте)

Бұл жағдай азаматтардың мемлекетке деген сеніміне әсер етуі мүмкін деген пікір айтылуда.

Премьер-министр Олжас Бектенов мемлекеттік кірістер органдары жүйелік қателіктерді түзету және негізсіз берешектерді жою жұмыстарын жүргізетінін тілге тиек етті. «Техникалық ақаулар анықталған жағдайда олар жедел реттеледі. Сондай-ақ қолданыстағы Салық кодексіне сәйкес, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың табысы 300 АЕК-тен аспаса, жеке табыс салығынан босатылады. Олар табыстың 4 пайызы көлемінде әлеуметтік төлемдер аударады: 1% – зейнетақы жарнас 1% – әлеуметтік аударым, 2% – медициналық сақтандыру. Бұл төлемдер салық емес, азаматтардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ететін жүйе ретінде қарастырылады» деді.

Платформалық экономика – уақыт талабы. Ол еңбек нарығын жаңаша қалыптастырып, мыңдаған адамға та-



быс көзі болып отыр. Бірақ технология дамыған сайын еңбек адамының құқығы да бірге дамуы тиіс. Еңбек еркіндігі – маңызды, бірақ әлеуметтік қорғансыз еркіндік ұзақ мерзімді тұрақтылық әкелмейді. Сондықтан басты міндет – цифрлық экономиканың мүмкіндігін

сақтай отырып, азаматтардың құқықтық мәртебесін нақтылау, әлеуметтік келіпдіктерді күшейту және әділетті еңбек кеңістігін қалыптастыру. Өйткені жаңа заманның ең үлкен байлығы – тек технология емес, сол технология ішінде қорғалған адам құқығы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«KAP LOGISTICS» ЖШС «Шиелі-Сұңқар» филиалы «Күкіртті ауыстырып тиеу торабының құрылысы жоба-сы бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есебімен қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Жобаланатын ауыстырып тиеу торабында құрғақ күкірт қабылданып, уақытша жинақталып жөнелтілетін болады. Жылдық өңдеу көлемі 270 мың тоннаны құрайды, бұл шамамен тәулігіне 772 тоннаға сәйкес келеді». Қоғамдық тыңдалым 2026 жылғы 29 шілде сағат 10:00-де Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Жарылқасын Тұрабаев көшесі, 5, «KAP LOGISTICS» ЖШС «Шиелі-Сұңқар» филиалының акт залы мекенжайы бойынша өтеді, Zoom сілтемесі:

us05web.zoom.us/j/83526754627
Конференция идентификаторы: 835 2675 4627, Код
доступа: 7sL5bq.

Әсер ету аумағы: 4409'03"С , 66 46'56"В

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган және адамның байланыс деректері – «Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ. Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru> сондай-ақ ресми сайт <https://ndbecology.gov.kz/>, электрондық пошта: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, prd@korda.gov.kz тел: 8 (7242) 60-53-69. Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> . Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «KAP LOGISTICS» ЖШС «Шиелі-Сұңқар» филиалы, БСН 060541009835, мекен-жайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Жарылқасын Тұрабаев көшесі, 5, «KAP LOGISTICS» ЖШС «Шиелі-Сұңқар» филиалы, БСН 060541009835, мекен-жайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Жарылқасын Тұрабаев көшесі, 5. Электрондық пошта: rec_ttk-shieli@kapl.kazatomprom.kz, тел: +7(72432) 300-30. Құжаттаманы әзірлеушінің атауы және байланыс деректері: «Каз Гранд Эко Проект» ЖШС, тел, 8(775)3245005 Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі 20 6.БСН 111040001588. Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: 87753245005 sholpik@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Филиал ТОО «KAP LOGISTICS» «Шиелі-Сұңқар» проводит общественные слушания по Отчету о возможных воздействиях на окружающую среду по проекту «Строительство узла перевалки серы. На проектируемом узле перевалки будет приниматься, временно складироваться и отгружаться сухая сера в объеме 270 тыс. тонн год, что ориентировочно составляет 772 тонны в сутки». Слушания состоятся 29 июля 2026 г. в 10:00 по адресу Кызылординская область, Шилийский район, поселок Шиели, Ул.Жарылқасын Тұрабаева, здание №95, Актuый зал филиала ТОО «KAP LOGISTICS» «Шиелі-Сұңқар». ссылка Zoom: us05web.zoom.us/j/83526754627

Идентификатор конференци: 835 2675 4627, Код доступа: 7sL5bq.

Территория воздействия: 4409'03"С , 66 46'56"В

Местный исполнительный орган ответственный за организацию общественных слушаний и контактные данные лица – КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области». Адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru>, так же официальный сайт: <https://ndbecology.gov.kz/>, электронная почта: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, prd@korda.gov.kz тел: 8 (7242) 60-53-69. Документация по проекту размещена на <https://ndbecology.gov.kz/>. Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: филиал ТОО «KAP LOGISTICS» «Шиелі-Сұңқар», БИН 060541009835, адрес: Кызылординская область, Шилинский район, поселок Шиели, Ул.Жарылқасын Тұрабаева, зд.5, электронная почта: rec_ttk-shieli@kapl.kazatomprom.kz,

тел: +7(72432) 300-30. Наименование и контактные данные разработчика документации: ТОО «Каз Гранд Эко Проект», тел 8(775)3245005 город Шымкент ул. Байтұрсынова 20 6. БИН 111040001588. Дополнительную информацию можно получить по: 87753245005, sholpik@mail.ru.

АДАЛ АЗАМАТ ҚАЛЫПТАСПАЙЫНША, АДАЛ ҚОҒАМ ОРНАМАЙДЫ

Сырдың бойын жағалай қонған елдің тарихына үңілсеңіз, адалдық пен әділдік ұғымдарының қазақ дүниетанымында қашанда биік тұрғанын аңғарасыз. Бабаларымыз «Біреудің ала жібін аттама», «Тұра биде тұған жоқ» деп ұрпағының санасына тазалық пен шыншылдықтың дәнін септі. Өйткені адалдық – адамның бойындағы асыл қасиет қана емес, тұтас қоғамның рухани өзегі.

Қазіргі таңда әлем елдерінің алдында тұрған ең күрделі мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Бұл – мемлекеттің дамуын тежейтін, қоғамның әділетке деген сенімін әлсірететін қауіпті құбылыс. Жемқорлық жайлаған жерде еңбек емес – айла, білім емес – таныстық, қабілет емес – ықпал үстемдік құрады. Ал мұндай ортада елдің ертеңіне деген сенім әлсірейді.

Сондықтан бүгінгі Қазақстан үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес құқық қорғау шарасынан әлдеқайда кең ұғымға айналды. Бұл – жаңа қоғамдық сана қалыптастырудың, адал ұрпақ тәрбиелеудің, әділетті мемлекет құрудың маңызды бағыты.

Қызылорда облысында да осы бағыттағы жұмыстар жүйелі жүргізіліп келеді. Сыр өңірінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мен алдын алу ісі жаңа деңгейге көтерілуде. Мәселен, облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы



қызметтің мәліметіне сәйкес, тәуекелдер картасы аясында агроөнеркәсіп, жер қатынастары, жол және инфрақұрылым, әлеуметтік сала мен кәсіпкерлік бағыттары қамтылып, бір жылдың ішінде 5 сыртқы талдау мен 9 мониторинг жүргізілген. Нәтижесінде мемлекеттік органдарға 111 ұсыныс енгізіліп, жүйелі кемшіліктерді жоюға бағытталған нақты шаралар қабылданды.

Бұл – жай ғана статистика емес. Әрбір ұсыныстың артында халықтың мүддесі, мемлекет қаржысының тиімді жұмсалуды, азаматтардың құқығы мен сенімі тұр. Бір ғана автожол саласы

на жүргізілген талдау барысында жоспарланған көшелердің негізсіз өзгертіліп, бірқатар жұмыстардың жобалау-сметалық құжаттамасыз жүзеге асырылғаны анықталған. Мұндай деректер мемлекеттік бақылаудың күшейіп келе жатқанын көрсетеді.

Бүгінде жемқорлықпен күрестің ең тиімді құралдарының бірі – цифрландыру. Сандық технологиялар адам факторын азайтып, мемлекеттік қызметтердің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді. Қызылорда облысында мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі электронды форматқа

көшіріліп, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы тікелей байланыс азайтылуда. Бұл өз кезегінде заңсыз әрекеттердің алдын алуға ықпал етуде.

2026 жылы Қызылорда облыстық полиция департаментінде өткен кездесуде мемлекеттік қызмет саласындағы мамандар цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект элементтерін енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мәселелерін талқылады. Онда процестерді автоматтандыру, цифрлық мониторинг құралдарын пайдалану және қызмет көрсетудегі ашықтықты арттыру мәселелері көтерілді.

Сыр өңірінде тек мемлекеттік қызметкерлермен ғана емес, түрлі сала өкілдерімен түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Мәселен, 2025 жылы Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің 37 мекесінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған арнайы кездесулер өткізіліп, қызметкерлерге адалдық қағидаттары мен құқықтық мәдениеттің маңызы түсіндірілді.

Алайда жемқорлықпен күрес тек заңмен немесе бақылаумен шектелмейді. Оның ең басты қарсыласы – қоғамның өзі. Адал азамат қалыптаспайынша, адал қоғам орнамайды. Егер әр адам өз жұмысын жауапкершілікпен атқарып, өзгенің еңбегіне құрметпен қараса, кез келген заңнан да күшті қоғамдық иммунитет қалыптасады.

Қазақ халқының тарихына қарасақ, әділдік ұғымы биліктің басты өлшемі болған. Хандар мен билердің беделі байлығымен емес, әділдігімен бааланған. Бүгінгі күні де осы ұстаным өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қоғамның әр мүшесі адалдықты өмірлік қағидаға айналдырған кезде ғана сыбай-

лас жемқорлыққа қарсы күрес нәтижелі болмақ.

Адалдық – көзге көрінбейтін құндылық. Бірақ оның әсері орасан. Адал мұғалім – саналы ұрпақ тәрбиелейді. Адал дәрігер – адамның өмірін сақтайды. Адал мемлекеттік қызметші – халықтың сенімін арттырады. Адал кәсіпкер – ел экономикасын дамытады. Осындай мыңдаған адал адамның еңбегі бірігіп келіп, қуатты мемлекетті қалыптастырады.

Бүгінгі Сыр өңірінде жүзеге асырылып жатқан алдын алу шаралары, тәуекелдерді талдау, цифрлық бақылау жүйелері мен қоғамдық мониторинг жұмыстары өңірдегі әділдік қағидаттарын нығайтуға бағытталған маңызды қадамдар болып табылады. Бұл жұмыстардың түпкі мақсаты – тек құқық бұзушылықты анықтау емес, оны болдырмайтын қоғамдық орта қалыптастыру.

Адал қоғам – бір күнде пайда болатын құбылыс емес. Ол әр отбасының тәрбиесінен, әр ұстаздың өнегесінен, әр азаматтың ар-ожданы мен жауапкершілігінен басталады. Егер біз балаларымызға адал еңбек етудің қадірін, әділ болудың қасиетін үйрете алсақ, онда жемқорлыққа қарсы ең мықты қорғанды қалыптастырғанымыз.

Сыр елі – талай дананы дүниеге әкелген қасиетті мекен. Бүгінгі ұрпақ сол бабалардың аманатына адал болып, әділеттілік пен тазалықты түптен жағдайда ғана өңірдің де, елдің де болашағы жарқын болмақ. Өйткені адалдық – адамның ғана емес, мемлекеттің де ең асыл капиталы. Ал әділет үстемдік құрған қоғамның келешегі әрқашан кемел болмақ.

Гүлнәр ДҮЙСЕБАЙ

Саладағы серпін

Жыл сайын 23 маусым – Қазақстан полициясы күні ретінде аталып өтеді. Бұл – құқық қорғау саласында қызмет етіп жүрген тәртіп сақшыларының қажырлы еңбегіне құрмет көрсетілетін ерекше күн. Осы мереке қарсаңында Шиелі аудандық полиция бөлімінің қызметіне тоқталу – ел тыныштығын күзетіп жүрген азаматтарға көрсетілген құрметтің бір көрінісі.

Бүгінде бөлімнің штаттық саны 113 бірлікті құраса, оның 12-сі ваканттық орын болып есептеледі. Соған қарамастан, полиция қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді абыроймен атқаруда. Шиелі аудандық полиция бөліміне 2024 жылдың қараша айынан бастап полиция подполковнигі Болатхан Мұханов басшылық жасайды. Қызмет жолында мол тәжірибе жинаған басшы ұжым жұмысының жүйелі ұйымдастырылуына, құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше назар аударып келеді.

2025 жылдың қорытынды деректеріне сәйкес, Шиелі ауданында барлығы 160 қылмыс тіркелген. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 6 пайызға артқан. Дегенмен, бұл өсім қылмыстық ахуалдың нашарлауынан емес, керісінше құқық бұзушылықтарды тіркеу мен ашықтық деңгейінің артуынан, сондай-ақ заңнамалық өзгерістердің әсерінен қалыптасқан. Атап айтқанда, тіркелген қылмыстардың 81,9 пайызы ашылған, бұл аудан полициясының жедел-іздістрю және тергеу жұмыстарының тиімділігін көрсетеді.

Қылмыс құрылымындағы өзгерістер

Мереке қарсаңында аудан полицейлерінің 1 жылдық жұмысын сараптап, өткен жылға көз тастаған болатынбыз. Қылмыстың санаттары-

23 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ

ЕЛ АЛДЫНДАҒЫ АМАНАТ:

ТӘРТІП САҚШЫСЫНЫҢ МИССИЯСЫ

Қоғамның ең қымбат қазынасы – тыныштық. Ал сол тыныштықтың әр сәтін күзетіп, заң үстемдігін қамтамасыз етіп жүрген полиция қызметкерлерінің еңбегі көзге көрінбегенімен, қоғам тіршілігінің өзегіне айналған. Шиелі ауданы үшін де қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті сақтау – күн тәртібінен түспейтін маңызды міндет.

на тоқталсақ, онша ауыр емес және орташа деңгейдегі қылмыстар саны 73 деректі құрап, 4,3 пайызға өскен. Бұл санаттағы қылмыстардың ашылу деңгейі 75 пайыз болды.

Ал қоғам қауіпсіздігіне елеулі қауіп төндіретін ауыр және аса ауыр қылмыстар, керісінше, 9,8 пайызға азайып, 46 дерек тіркелген. Бұл санаттағы қылмыстардың ашылу көрсеткіші 77,4 пайызды құрады. Бұл деректер Шиелі ауданында қылмыстың құрылымы өзгеріп, ауыр қылмыстардың азаю тенденциясы байқалатынын көрсетеді.

интернет-алаяқтық фактілерінің көбеюі, заңнамадағы өзгерістерге байланысты ұрып-соғу және денсаулыққа жеңіл зиян келтіру фактілерінің қылмыс ретінде тіркелуі. Осы аталған құқық бұзушылықтар жалпы қылмыс құрылымының 37 пайызын құрап отыр. Бұл қазіргі заманғы қауіптердің жаңа сипатын, әсіресе цифрлық кеңістіктегі тәуекелдердің артқанын айқын көрсетеді.

– Жүргізілген талдау нәтижесінде ауданның криминогендік жағдайына әсер ететін негізгі бес бағыт анықталған. Олар: мал ұрлығы, алаяқтық, оның ішінде интернет-алаяқтық, есірткіге байланысты құқық бұзушылықтар, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық, жол-көлік оқиғалары. Осы бағыттар бойынша полиция бөлімінде алдын алу шараларын күшейту, профилактикалық жұмыстарды жүйелі жүргізу және халықпен түсіндіру жұмыстарын кеңейту жоспарланып отыр, – деді бөлім басшысы Б.Ниязханұлы.

ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі – жасөспірімдердің қауіпсіздігі. Өткен жылы аудан аумағында кәмелетке толмағандардың түнгі



уақытта заңды өкілсіз қоғамдық орындарда жүруінің 651 дерегі анықталған.

Бұл – тек тәртіп бұзушылық емес, баланың қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін фактор. Сондықтан полиция тарапынан бұл бағытта рейдтік шаралар мен түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Сонымен қатар балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерін тиісінше орындамаған 65 ата-анаға әкімшілік шара қолданылған. Алдын алу барысында 5 қолайсыз отбасы, 11 жасөспірім ішкі істер органдарының профилактикалық есебіне алынған. Олармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізілуде.

Шиелі ауданындағы құқықтық ахуал – динамикалық өзгерістер үстіндегі жүйе. Бір жағынан қылмыстың жалпы саны артқанымен,

екінші жағынан ауыр қылмыстардың азаюы және ашылу деңгейінің жоғары болуы полиция жұмысының нәтижелілігін көрсетеді. Бүгінгі таңда құқық қорғау саласының алдында тұрған басты міндет – тек қылмысты ашу емес, оның алдын алу. Интернет-алаяқтықтан бастап жасөспірімдер қауіпсіздігіне дейінгі мәселелер қоғаммен бірлесе шешуді талап етеді.

Шиелі аудандық полиция бөлімі осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп, құқықтық тәртіпті нығайтуға, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыруға қызмет етіп келеді. Өйткені тыныштық – өздігінен келмейтін құндылық. Ол – күн сайын, сағат сайын, тынымсыз еңбектің нәтижесі.

Турнир

Елдің ішкі тыныштығы мен халықтың қауіпсіз өмір сүруі – қоғамның тұрақтылығының негізі. Осы маңызды міндетті орындауда ішкі істер органдары қызметкерлерінің еңбегі орасан зор. Күні-түні тыныштық сақтауға, құқық бұзушылықтарды алдын алуға атсалысқан полиция қызметкерлері қоғамның қауіпсіздігі мен бейбіт өмірін қамтамасыз етуде ерекше рөл атқарады. Олар – тек бір отбасының ғана емес, тұтас елдің қорғаны.

Мейіржан ИБРАГИМОВ

Қоғамдағы құқық бұзушылықтармен күресіп, олардың салдары мен себептерін анықтауда полиция қызметкерлерінің рөлі зор. Батыр Бауыржан Момышұлының «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деген сөзі осы күннің маңызын айқын суреттейді.

Негізінен полиция қызметкерлерінің барлығында бір мақсат, бір қызмет, бір арман біріктіреді. Ол – халықтың сеніміне селкеу түсірмеу, еліміздің тыныштығын күзету, әрқашан қорған болу, құқықтарының мұқалмауын басты назарда ұстау болып табылады.

Жуырда Шиелі ауданы, «Бахыт Арена» спорт кешенінде полиция қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай құқық қорғау органдары мен мемлекеттік мекемелер қызметкерлері арасында волейболдан аудандық ашық турнир өтті.

Шиелі ауданы полиция бөлімінің ұйымдастыруымен қызмет бабында қаза болған қызметкерлерді еске алуға арналған жарыстың ашылу салтанатында аудан әкімі Айтбай Жандарбеков полиция ардагерлері мен қызметкерлерін құттықтап, ізгі ниетін жеткізді.

– Құрметті турнирге қатысушылар! Қадірлі құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен ардагерлері! Сіздерді келе жатқан кәсіби төл мерекелеріңіз – Қазақстан полициясы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ел тыныштығын сақтау жолында қиындықтан да, қатерден қаймықпайтын қоғамдық тәртіптің қырағы сақшылары – полицейлердің еңбегі әрдайым құрмет пен алғысқа лайық.

«Ер қадірін білмеген – ел қадірін білмейді» дегендей, қоғамды қылмыстан сақтауда ерлікпен қаза тапқан полиция қызметкерлері әрқашан аудан жұртының жадында қалары анық. Аудан тұрғындарының өмірін қорғау жолында қылмыскердің ажал оғына кеудесін тосқан милиция капитаны Мұрат Өмірбековтің, полиция лейтенанттары Талғат Қозыбаевтың, Есентұрсын Бектұрсыновтың, қызмет бабында қаза тапқан полиция лейтенанты Бақыткелді



Ибраимовтың, полиция майоры Алтынбай Қойшыбаевтың ерлік істеріне әрдайым тағзым етеміз. Өз қызметін адал атқарып, ерліктің үлгісін көрсеткен азаматтарымыздың есімі кейінгі буынға өжеттік пен батылдықтың өнегесі болып қала береді.

Төл мерекеде қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және қылмыспен күрес, оның алдын алу жолындағы қажырлы еңбектеріңізге сәттілік тілей отырып, бүгінгі жарысқа қатысқаны отырған командаларға жоғары деңгейде ойын көрсетулеріне шын жүректен тілектеспін!, – деді аудан әкімі.

Сондай-ақ полиция бөлімінің бастығы полиция подполковнигі Болатхан Ниязханұлы және полиция бөлімінің ардагерлер кеңесінің

төрағасы Бақтияр Шәкірбекұлы құттықтау сөз сөйлеп, турнирге қатысушы командаларға сәттілік тіледі.

Турнирге «Шиелі аудандық ауруханасы», «Аудандық сот», «Полиция бөлімінің ардагерлері», «Орман және жануарлар дүниесін қорғау бөлімі», «Ұлттық қауіпсіздік комитеті аудандық бөлімі», «Аудандық полиция бөлімі», «Шиелі ауданы әкімдігі» және «Төтенше жағдайлар қызметі бөлімі» командасы қатысып өзара бақ сынады.

Қызықты сәттер мен тартысқа толы додадың қорытындысы бойынша «Шиелі ауданы полиция бөлімі» командасы өзгелерден оқ бойы оза шығып I орынды иеленіп, жеңіс тұғырынан көрінді. Ал жүлделі II орынды Жаңақорған

ауданының «Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері» командасы қанжығасына байласа, үздік үштікке «Жаңақорған ауданы полиция бөлімінің қызметкерлері» командасы қол жеткізді.

Сонымен қатар турнирде ерекше ойын өрнегін көрсеткен ойыншыларға «Үздік ойыншы», «Үздік қорғаушы», «Үздік шабуылшы», «Үздік үйлестіруші» номинациясы берілді. Жеңімпаздар мен жарысқа қатысушылар арнайы дипломдар марапатталып, бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Осылайша ойын барысында түрлі салада қызмет етіп жүрген азаматтар өздерінің кәсіби шеберлігімен қоса спортқа бейім, сыйластықты тү ететіндіктерін тағы бір мәрте дәлелдеді.

НӘЗІК БОЛМЫС ПЕН
БЕРІК МІНЕЗ

(Басы 1-бетте)

Осындай абыройлы қызметті атқарып жүрген тәртіп сақшыларының бірі – Шиелі аудандық полиция бөлімі қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің отбасы – тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының аға инспекторы, полиция майоры Фарида Досболова.

Шиелі жерінде 1980 жылдың 31 шілдесінде дүниеге келген Фарида Қуандыққызы бүгінде туған топырағының тыныштығы мен тұрғындарының қауіпсіздігі жолында аянбай еңбек етіп келеді. Құқық қорғау саласындағы еңбек жолын 2015 жылы бастаған Фарида Қуандыққызы осы уақыт ішінде халықтың мұң-мұқтажына құлақ түріп, қиын тағдырлармен бетпе-бет келіп, талай жаңға қорған бола білді.

Отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес саласы – аса күрделі әрі үлкен жауапкершілікті талап ететін бағыттардың бірі. Мұнда тек заңды білу жеткіліксіз. Адам жанын түсіну, психологиялық ахуалды бағамдау, кейде сабырға шақырып, кейде нақты шешім қабылдай білу қажет. Осындай сәттерде Фарида Қуандыққызының әйел затына тән байырлылығы мен аналық мейірімі көп мәселеге оң шешім табуға септігін тигізіп келеді.

Ол күн сайын сан түрлі тағдырмен кездеседі. Бір шаңырақтың шайқалуына жол бермеу, жанжалдың ушығуын тоқтату, жәбір көрген жандарға заң аясында көмек көрсету – оның қызметінің ажырамас бөлігі.

Полиция қызметі – уақытпен санаспайтын мамандық. Ел тыныштығы үшін түн ұйқысын төрт бөліп, кез келген шақыртуға дайын тұру тәртіп сақшыларының күнделікті өмір салтына айналған. Осындай жауапты міндеттердің бел ортасында жүрген Фарида Қуандыққызы да қоғам қауіпсіздігі жолындағы еңбегін үнсіз атқарып келеді.

Оның еңбек жолы – қызметке адалдықтың, адамға жанашырлықтың және кәсіби жауапкершіліктің жарқын үлгісі. Нәзік болмыстың астарында қайсар рух жатқанын дәлелдеп жүрген осындай азаматтар қоғамның сенімі мен құрметіне әбден лайық. Өйткені ел тыныштығы жолындағы әрбір адал еңбек – мемлекет тұрақтылығының берік іргетасы.

Бетгіті әзірлеген Гүлнәр ДҮЙСЕБАЙ

Меншік иесі: жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Шиелі аудандық «Өскен өңір» газетінің редакциясы Бас редактор Нұрболат ПІРІМБЕТ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 40-11-10 Бас редактор - 4-21-05 Бас редактордың орынбасары - 4-24-06 Бас маман Факс: 4-19-20. Мекен-жайымыз: 120700, Қызылорда облысы, Шиелі кенті, Т.Рыскулов көшесі №40. E-mail: osken_onir@mail.ru	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ақпарат комитетінде 16.04.2019 ж. қайта тіркеліп, №17664-Г куәлігі берілген. «Өскен өңір» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар оңтүстік және көрі қайтарымайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті қозғарысын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8(724) 32 4-47-32 және 8(7242) 70-14-08 телефондарына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, №4 А. Тарапымыз 5097. Танысырсы №1058. Кезекші редактор Мейіржан ИБРАГИМ
--	--	--	---	---